

## Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының құрамдас бөлігіне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 192 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 39/440-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 маусымда № 7233 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, "Өскемен қаласының құрамдас бөліктеріне атау және қайта атау беру жөнінде ұсыныстарды енгізу туралы" Өскемен қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 30 шілдедегі № 3265 қаулысы және Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 32/4-VI шешімі негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысын ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының 20-шы тұрғын ауданындағы № 8 көшесіне Қайырбек Айжігітов көшесі деген атау берілсін.
2. Осы бірлескен қаулы мен шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<b>С е с с и я</b>	<b>т е р а ғ а с ы</b>
	_____ <b>Ф. Абитаев</b>	
<b>Шығыс Қазақстан облысы әкімі</b> _____	<b>Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы</b> _____	
<b>Д. Ахметов</b>	_____ <b>В. Головатюк</b>	